

**«Денсаулық сақтау объектілеріне
қойылатын санитариялық-
эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидалары**





I-тарау. Жалпы ережелер

«Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес әзірленген және денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.





- **Осы Санитариялық қағидалар:**

- құрылысқа жер учаскесін таңдау;
- жобалау, салу, қайта жаңарту;
- үй-жайларды және жабдықтарды күтіп-ұстау;
- медициналық қалдықтарды жинау, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау және көму;
- науқастарды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ медицина персоналының еңбек жағдайлары;
- медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилдеу және дезинфекциялауды жүргізу;



Осы қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- *Антисептик* – микробтарды жою мақсатында теріге немесе тінге қолдануға арналған микробқа қарсы химиялық агент;
- *Антисептика* – емдеуді қамтамасыз ету және инфекциялық үдерістің дамуының алдын алу мақсатында терідегі, шырышты қабықшалардағы, жаралар мен қуыстардағы әлеуетті қауіпті микроорганизмдердің тіршілік етуіне бөгет жасау немесе жою тәсілдерінің жиынтығы;



– *Асептикалық режим* – микробтардың жараға түсуінің алдын алатын санитариялық-техникалық және санитариялық-гигиеналық іс-шаралар кешені;

– *Асептикалық бөлімше* – науқаста іріңді инфекция болмағанда медициналық көмек көрсетуге арналған үй-жай;

– *Бокс* – сырттан науқас келіп түсуіне арналған, жеке есігі бар үй-жай. Оның құрамына: палата, санитариялық торап, ванна және шлюз кіреді;



– *Жеке босандыру палатасы немесе бірге болу палатасы* – босанатын бір әйелді босандыруға арналған, санитариялық торабы бар, босанған әйел жаңа туған нәрестесімен стационардан шыққанға дейін болатын, жабдықталған үй-жай;

– *Медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер (бұдан әрі – ҚЖКЖК)* – медициналық қалдықтарды жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған су өткізбейтін және тесілмейтін, бір рет қолданылатын сыйымдылықтар;



- **Медициналық қалдықтар** – медициналық қызметтер көрсету және медициналық манипуляциялар жүргізу үдерісінде пайда болатын қалдықтар;
- **Қауіпті емес қалдықтар** – қатты тұрмыстық қалдықтарға ұқсас, пациенттердің биологиялық сұйықтықтарымен, инфекциялық науқастармен жанаспайтын қалдықтар (тұтынушылық қасиетінен айырылған кеңсе құралдары, қаптама, жиһаз, мүкәммал, аумақты жинағаннан қалған қоқыс, орталық ас блоктарының, сондай-ақ инфекциялық, оның ішінде фтизиатриялық қызметтен басқа, медициналық қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымның барлық бөлімшелерінің тамақ қалдықтары) – А сыныбы;



- *-Эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар – инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар* (қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар және аспаптар, заттар, патологоанатомиялық қалдықтар, органикалық операциялық қалдықтар: ағзалар, тіндер, инфекциялық бөлімшелердің тамақ қалдықтары, патогендігі 3-4 топтардың микроорганизмдерімен жұмыс істейтін микробиологиялық, клиникалық-диагностикалық зертханалардың, фармацевтикалық, иммундық биологиялық өндірістердің қалдықтары, виварийлердің биологиялық қалдықтары, пайдалануға жарамсыз тірі вакциналар) – Б сыныбы;



- *Төтенше эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар* (инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында төтенше жағдайлардың пайда болуына алып келуі мүмкін және аумақты санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуді талап ететін материалдар, патогендігі 1-2 топтардың микроорганизмдерімен жұмыс істейтін зертханалардың, фармацевтикалық және иммундық биологиялық өндірістердің қалдықтары, фтизиатриялық стационарлардың емдеу-диагностикалық бөлімшелерінің қалдықтары, туберкулез қоздырғыштарымен жұмысты жүзеге асыратын микробиологиялық зертханалардың қалдықтары) – В сыныбы;



– **Токсикологиялық қауіпті қалдықтар** – пайдалануға жатпайтын қалдықтар (дәрілік, оның ішінде цитостатика, диагностикалық, дезинфекциялау құралдары), құрамында сынап бар заттар, аспаптар мен жабдық, фармацевтикалық өндірістердің шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары, жабдықты, көлікті, хабарландыру жүйесін пайдалану қалдықтары) – Г сыныбы;

– **Радиоактивті қалдықтар** – (құрамындағы радионуклидтер белгіленген радиациялық қауіпсіздік нормаларының рұқсат етілген деңгейлерінен асатын, кез келген агрегаттық күйдегі қалдықтардың барлық түрлері) – Д сыныбы;



– *Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйым* –

сырқаттанушылықтың алдын алу және оны төмендету, науқастарды анықтау, ауруханаға жатқызу, науқастарды стационарлық қадағалаумен, тексерумен, емдеумен және оқшаулаумен байланысты емес білікті медициналық көмек көрсету бойынша профилактикалық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық етуші денсаулық сақтау субъектілері;

– *Санитариялық-эпидемияға қарсы режим*

– денсаулық сақтау объектілерінде инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу және таратылуы жөніндегі іс-шаралар кешені;



- *Жылжымалы медициналық объект* арнайы медициналық жабдық орнатылған, дәрігер мамандардың кабинеттері бар көлік құралдары (автомобиль, теміржол, теңіз, өзен) базасында орналасқан ұтқыр консультациялық-диагностикалық денсаулық сақтау объектісі;
- *Серіктестік босандыру* – босанатын әйелге жақын адамдардың босану барысында бірге болуы және қатысуы;



– *Денсаулық сақтау объектілері*

денсаулық сақтау ұйымдары
өздерінің қызметін жүзеге
асыратын объектілер және
денсаулық сақтау саласында
медициналық практикамен
айналысатын жеке тұлғалар;

– *Шлюз* – үй-жайдың палата,
бөлімше және жалпы дәліз
арасындағы бөлігі.

